

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2021 жылғы 18 маусымдағы № 18/3 "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2021 жылғы 9 шілдедегі № 9/3 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2022 жылғы 17 наурызыдағы № 19/3 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 17.03.2022 № 19/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы" 2021 жылғы 18 маусымдағы № 18/3 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы
мәслихаты сессиясының төрағасы

Ш. Оспанова

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы
мәслихатының хатшысы

Ә. Әмрин

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының

2021 жылғы 9 шілдедегі

№ 9/3 шешіміне

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының

2021 жылғы 18 маусымдағы

№ 8/3 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) және "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бүйрығымен бекітілген жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентіне сәйкес өзірленді.

2. Осы Регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастық жиналышы (бұдан әрі - жиналыш) – жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге қатысуы;

3) жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілі;

4) жергілікті маңызы бар мәселелер – реттелуі Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге байланысты Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округ қызметінің мәселелері;

5) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихаты және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет.

3. Жиналыш регламентін Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихаты бекітеді.

2. Жергілікті қоғамдастық жиналышына шақыруды жүргізу тәртібі

4. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мына мәселелер:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтің (бұдан әрі – қала мен ауылдық округ) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

қала мен ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі қала мен ауылдық округ әкімі аппараттының шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

қала мен ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

қала мен ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

қала және ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін тиісті аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін Шал ақын ауданы әкімінің қала және ауылдық округ әкімі қызметіне ұсынған кандидатураларын келісу;

қала мен ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі.

5. Жиналыстың қала мен ауылдық округ әкімі дербес не ол жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – жиналыс мүшелері) өкілеттік берген, жиналыс мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылуы мүмкін.

Жиналыстың бастамашылары күн тәртібін көрсете отырып, қала мен ауылдық округ әкіміне ерікті нысанда жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Қала мен ауылдық округ әкімі үш жұмыс күні ішінде жазбаша өтінішті қарайды және шақырылымның орны мен уақытын көрсете отырып, жиналысты шақыру туралы шешім қабылдайды.

6. Заңның 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат қуралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі, оған сәйкес жергілікті

қоғамдастық жиналышының шақырылу уақыты, орны туралы Жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшелері ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірлемей хабардар етіледі.

Қала мен ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыштың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жазбаша түрде немесе электрондық күжат нысанында жиналыштың мүшелеріне және қала мен ауылдық округ әкіміне жиналышқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ұсынады.

7. Жиналышты шақыру алдында қала мен ауылдық округ әкімінің аппараты жиналышқа қатысушы мүшелерді тіркеуді өткізеді, оның нәтижесін қала мен ауылдық округ әкімі немесе жиналышты шақыру басталғаннан бұрын ол уәкілеттік берген адам жариялайды және жиналыштың хаттамасына шақыруды өткізу орны мен уақытын көрсете отырып енгізеді.

Жиналышты шақыру оған жиналыш мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жиналышты шақыруды қала мен ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жиналышты шақыруды жүргізу үшін ашық дауыс беру арқылы жиналыштың төрағасы мен хатшысы сайланады.

9. Жиналыштың күн тәртібін қала мен ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыш мүшелері, тиісті аумақ әкімі енгізген ұсыныстар негізінде қалыптастырады.

Күн тәртібіне өткен жиналыштарды шақыруда қабылданған шешімдер барысы және (немесе) орындалуы туралы мәселелер қосылады.

Жиналышты шақырудың күн тәртібі оны талқылау кезінде толықтырылуы және өзгертулуй мүмкін.

Жиналышты шақырудың күн тәртібін жиналыш бекітеді.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру жеке өткізіледі. Егер оған жиналыш мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, мәселе күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

10. Жиналышты шақыруға олардың мәселелері онда қаралатын Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының депутаттары, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімі аппаратының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың өкілдері шақырылуы мүмкін. Сондай-ақ жиналышты шақыруға бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктер өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші белгінде көрсетілген шақырылған адамдар жиналыштың мүшелері болып табылмайды және шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

11. Жиналысты шақыруларда баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыссөзде сөйлеу үшін және жиналысқа шақыруды өткізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу регламентін төраға айқындейді. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, жиналыс төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көвшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Жиналыс мүшесі бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі жиналыс мүшелерінің сауалдары, түсіндіру және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеулері сөз сөйлеу деп есептелмейді. Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде қойылады. Жазбаша сұрақтар жиналыс төрағасына беріледі және жиналыс шақырылымында жарияланады.

Жиналыс төрағасы өз бастамасы бойынша немесе жиналыс мүшелерінің дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялай алады.

Жиналыстың соңында жиналыстың мүшелеріне қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз болмайды.

3. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімдер қабылдау тәртібі

12. Жиналыс өзінің құзіреті шенберінде шақырылымға қатысуышы жиналыс мүшелерінің көвшілік дауысымен шешім қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, жиналыстың төрағасы шешуші дауыс беру құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысуышылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыстың төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);
- 5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада қала және ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Қала және ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс

күні ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихатының қарууына беріледі.

13. Жиналыста қабылданған шешімдерді қала мен ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Қала мен ауылдық округ әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысының шешіміне келіспеушілігін білдіруге құқылы, осындай келіспеушілік тудырған мәселелер осы регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіпте қайта талқылау жолымен шешіледі.

Қала мен ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді.

14. Қала мен ауылдық округ әкімінің аппараты қала мен ауылдық округ әкімінің жиналыс шешімдерін қарau нәтижелерін бес жұмыс күн ішінде жиналыстың мүшелеріне жеткізеді.

15. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар өкілеттіктері шегінде жиналысты шақыруда қабылданған және қала мен ауылдық округ әкімі мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

16. Жиналысты шақыруда қабылданған шешімдерді қала мен ауылдық округ әкімінің аппараты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен таратады.

4. Жергілікті қоғамдастық жиналысы шешімдерінің орындалуын бақылау

17. Жиналыста жүйелі түрде жиналыстың шешімдерін орындауға жауапты адамдардың ақпараттары тыңдалады.

18. Шешімдерді орындаған немесе сапасыз орындаған жағдайда, тиісті ақпарат хаттамаға енгізіледі, оны жиналыстың тәрағасы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкіміне немесе жиналыстың шешімін орындауға жауапты лауазымды адамның жоғары түрган басшыларына жолдайды.

Қабылданған шешімдер қайта орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, жиналыс Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімі немесе тиісті лауазымды адамдардың жоғары түрган басшылары алдында лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселеге бастамашылық жасайды.